

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: IP4316 Ақпараттық құқық

**5B070200 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша құқық
бакалавры білім беру бағдарламасы**

Алматы 2020 ж.

5B070200 «Автоматтандыру және басқару» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарының негізінде жасалынды

ПОӘК құрастырған - аға оқытушы М. К. Накишева

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды

« 9 » маусым 2020 ж., хаттама № 35

Кафедра меңгерушісі, з.ғ.д., профессор _____ А.Е. Жатқанбаева

Кіріспе

«Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан - қорытынды бақылауға бакалавриаттың оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, егер емтиханнан 20 балл алса онда қайта тапсыру FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі. Биылғы оқу жылының ерекшеліне байланысты БП МК циклындағы пәндер Универ жүйесінде тест тапсыру арқылы қабылданады. Тест сұрақтары нұсқаулықпен бекітілген үлгідегі үш деңгейдегі осы оқу жоспарындағы тақырыптармен қамтылған 150 сұрақтан 1 дұрыс жауаппен құрылған.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

1. **Ақпараттық құқық** пәні бойынша қорытынды бақылау (емтихан) 4-курс күндізгі бөлім студенттері үшін, univer.kaznu.kz жүйесінде тест түрінде өтеді. Барлық нұсқаулар univer.kaznu.kz басты бетіне жүктелген. Тест қабылдау барысы – автоматты прокторинг жүйесімен бақыланады, проктор немесе оқытушының қадағалауымен (егер прокторинг болмаса). Прокторинг технологиясы (ағылш. «proctor» – емтихан барысын бақылау).

2. **Маңызды** – емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізілед, ол туралы алдын ала оқытушылар мен студенттерге мәлім болуы керек.

3. Аттестациялық ведомостқа қорытында баға тест аяқталғаннан кейін автоматты түрде түседі:

• Балл қою уақыты - 48 сағатқа дейін. Онлайн прокторинг режимі бойынша тексеру жүргізу барысында балл қою уақыты ұзартылуы мүмкін.

4. Тесттің түрі- көптік таңдау, 1 дұрыс жауаппен.

5. Univer АЖ тест сұрақтарының саны – 40 сұрақтан келеді. 1 мүмкіндік беріледі. Тесттің өту уақыты- 90 минут.

6. Univer АЖ тест сұрақтары- автоматты түрде генерацияланады.

7. Univer АЖ тест сұрақтарын дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексереді

8. Студент емтиханға кіруге 30 минут бұрын дайындалуы керек. Ол прокторингтің талабы.

9. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

10. Студент емтиханның өтуіне байланысты қосымша нұсқаулықтар мен ережелерді мына сілтемелер арқылы қарай алады:

https://drive.google.com/file/d/1kXW1fg5E38u1i_j9G6hIjevuyxUPNHa9r/view?usp=sharing

11. Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

$$\frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4 \quad \frac{PK1+MT+PK2}{3} \cdot 0,6 + ИК \cdot 0,4$$

Мұнда АБ – аралық

бақылау; МТ – аралық емтихан (мидтерм); ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

6.5. Бағалау шкаласы силлабуста беріледі (әсіресе 1 курс студенттері үшін):

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	

Ақпараттық құқық – 4 кредит.

Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:

1 - тақырып. Ақпараттық құқықтың пәні, тәсілі және жүйесі. Ақпараттық-құқықтық қатынастар, түсінігі, түрлері, ерекшеліктері. Ақпараттың түсінігі, ақпараттың заңи ерекшеліктері мен қасиеттері. Ақпараттық құқықтың түсінігі, әдістері, қағидалары және негізгі идеялары.

2 – тақырып. Ақпараттық құқық ғылым ретінде. Ақпараттық құқықтың даму тарихы. Ақпараттың жіктелуі. Ақпараттық құқықтың тәсілдері, қағидалары. Ақпараттық-құқықтық нормалар және ақпараттық - құқықтық қатынастар.

3 – тақырып. Ақпараттық - құқықтық нормалар, белгілері мен түрлері. Ақпараттық - құқықтық қатынастар: түсінігі, мазмұны және құрылымы. Ақпараттық – құқықтық қатынастардың жіктелуі. Ақпараттық-құқықтық қатынас-тардың негізгі объектілері (ақпарат, бұқаралық ақпарат, құжаттар, ақпараттық жүйелер, ақпараттық қызметтер, шектелген ақпараттар). Интеллектуалдық меншіктің ақпараттық аспектілері.

4 – тақырып. Ақпараттық құқықтың қайнар көздері. Ақпараттық қатынастық субъектілері: тұтынушылар, иелері, тиісті саладағы қатынастарды реттейтін мемлекеттік органдар және т.б. Ақпараттық құқықтың нормативтік- құқықтық қайнар көздері.

5 – тақырып. Ақпараттық меншік мәселелері. Ақпараттық меншіктің түсінігі. Ақпараттық құқықтар (ақпаратты алу құқығы, ақпаратты тарату құқығы, ақпаратты иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы). Ақпараттық құқықтық қатынас субъектілері – тұтынушы, иеленуші, пайдаланушы. Дербес ақпарат айналымы үлгісі. Мемлекеттік құпия саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу.

6 – тақырып. Ақпараттық технологиялар және АТ-ның – ҚР-ғы технологиялардың дамуының қазіргі жағдайы. Жеке (персоналдық) құпия саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Ақпараттық құқықтың әдебиеттерімен, заңдарымен, өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен таныс болу.

7 – тақырып. Қазіргі қоғамда ақпараттың рөлі мен маңызы. Ақпараттық қоғам және оның белгілері. Қазақстанның ақпараттық қоғамға кіруі. Ақпараттың технологиялардың дамуының қазіргі жағдайы мен даму болашағы. Мемлекет және ақпараттық технологиялар. Электрондық үкіметті, дауыс берудің “Сайлау” электрондық базасын құрудың, Технопарктерді дамытудың перспективалары мен жоспарлары. Қазақстанда космостық байланысты дамыту перспективалары.

8 – тақырып. Ақпараттық қауіпсіздік ақпараттық қатынастың объектісі ретінде. Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде. Мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық механизмдері. Азаматтардың ақпараттық құқығы

9 – тақырып. Интернеттің виртуалдық ортасын пайдаланудың құқықтық проблемалары. Интернет желісінің пайда болуы. “Виртуалдылық” түсінігі. Интернет ортасындағы негізгі объектілер мен субъектілер.

10 – тақырып. Интернеттегі ақпараттық қатынастарды реттеудің негізгі құқықтық проблемалары. Құжат айланымындағы электрондық айналымының құқықтық проблемалары. Электрондық қолдың (подпись) мәртебесі. Ақпараттық қауіпсіздіктің құқықтық реттеу механизмі.

11 – тақырып. Ақпараттық қауіпсіздікті қорғау жағдайлары. Қоғамның ақпараттық қауіпсіздігі. Қорғау объектісі: өнегелілік, рухани тазалық, интеллектуалдық даму деңгейі және т.б. Жеке тұлғаның ақпараттық қауіпсіздігі. Ақпаратты қорғауға құқықты қамтамасыз ету – құпия деректерді қорғауды, сапалы және объективті ақпарат алуға құқықты қамтамасыз ету, теріс ақпараттардан қорғау. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламалары.

12 – тақырып. Бұқаралық ақпараттарды жасау мен бөлу кезіндегі қатынастарды құқықтық реттеу. Бұқаралық ақпарат институтының конституциялық негіздері. Бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) түсінігі және түрлері. БАҚ қызметінің негізгі қағидалары. БАҚ институтындағы ақпараттық құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері (редакция, бас редактор, журналист, оқырман, басып шығарушы, құрылтайшы, тұтынушы және т.б.).

13- тақырып. Ақпараттық құқықтық қатынастың негізгі объектілері: радио, теле, аудио, видео, газеттер, журналдар және т.б. БАҚ қызметін мемлекеттік реттеу. Мәдениет, ақпарат және спорт Министрлігінің өкілеттігі мен құзыреті. Мемлекеттік органдар мен БАҚ-ның өзара қатынасу проблемалары. БАҚ саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық. БАҚ – ақпараттық құқықтық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде.

14 – тақырып. Библиотекалық және архивтік іс саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Библиотекалық қызметтер және тиісті саладағы мемлекеттік саясат. Осындай ақпараттық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері. Библиотеканың қожасы мен пайдаланушының құқықтарын қорғау, ақпараттар мен мәдени құндылықтардың жалпыға қол жетімділігін қамтамасыз ету.

15 – тақырып. Архивтік істі ұйымдастыру мәселелері. Архив құжаттарын құру, оларды сақтауды ұйымдастыру, жинақтау мен пайдалану тәртібі. Тиісті ақпараттық қатынастың негізгі объектілері мен субъектілері. Архивке қатысты мемлекеттік саясат. Коммерциялық құпия саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу. Ақпараттық құқық, ақпараттандыру ісі, ақпараттандыру нарығы, ақпараттандыру сананттары мен сыныптары, ақпараттандыру қызметі саласындағы жауаптылық және т.б. институттарын жетік түсіну және аражігін білу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған, 7.10.1998 жылы, 21.05.2005 жылы, 2.02.2011 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. ҚР «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңы
3. ҚР-ның «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңы
4. ҚР-ның «Азаматтық кодексі»(ерекше бөлім) 1999 жылғы 1 шілдедегі
5. Информационное право : учебник для вузов / Н. Н. Ковалева [и др.] ; под редакцией Н. Н. Ковалевой. — Москва : Издательство Юрайт, 2020.
6. Новиков, В. К. Организационно-правовые основы информационной безопасности (защиты информации). Юридическая ответственность за правонарушения. Учебное пособие / В.К. Новиков. - М.: Горячая линия - Телеком, 2015. - 178 с.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері Қазақстан Республикасының Банк құқығы, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде.